

ОДАҒАЙ СӨЗДІҢ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ.

2 курс докторант: Кукетов Б.А.
Ғылыми жетекші: Шанкибаева А.Б

Мақсаты: Одағай сөздің қазақ би өнеріне әсері.

Міндеттері:

- одағай сөздің маңызын анықтау;
- одағай сөздің қазақ өнерінде алатын орнын айқындау;
- одағай сөздің қазақ биіндегі қолданысына талдау жасау;

Тақырып өзектілігі: қазақ би өнерінің бастан кешкен тарихи белестерін жан-жақты айқындау.

Иесі-халық, киесі-елдің рухы

Ұлттық өнер осы халық пен руханилық болмысының бір көрінісі десекте болады. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән музыкалық дәстүрі дүниеге келді; соның нәтижесінде бай музыкалық мәдениеті қалыптасты





Сахналық көрсетілім той, мерекелік жиындарда көпшілік арасында болып жатты. Яғни адам мен көрерменнің байланысы жақын арақашықтықта орын алды. Осы ара қашықтықта ән, айтыс, күйшілік, би өнері т.б көреремендер рух берген. Өнер көрсету алаңында халық шапалақпен бірге, әсерін сөз арқылы орындаушыға жеткізіп отырған. Мұндай қошемет өнер көрсетушіге дем беріп, халық алдында шеберлігін одан әрі жоғары деңгейге көтеруге тырысқан. Осындай рух беруші құралдың бір бөлігі ретінде одағай сөздің көмегі шексіз.

ОДАҒАЙ
СӨЗ

Негізгі
одағайлар

Туынды
одағайлар

Негізгі одағайларға: ау, па, ей, әй, е, уа, уау, уай, я, пай, ә, о, оһо, ой, ие, аһа, ау, беу дегендер жатады

Туынды одағайларға: мәссаған, бәрекелді, әттегенай, жаракімалла, масқарай, о тоба, астапыралла, япырмай, ойпырмай, о дариға ... т.б жатады.

Ишарат одағайлар: Бұйрық, сұрау мәнді сөздер (кәне, кәнеки, ал, әйда).

Жекіру одағайлары: Адамға арнайы айтылатын одағайлар.

Көрсету я нұсқау сөздері (кәні, міне, әні)

Ұсыну сөздері (мә, айда)

Тыйю сөздері (жәй, тәй, тек, тәйт)

Жануарға арнап айтылатын одағайлар: Бұл топқа төрт түлік мал, ит, мысық сияқтанған үй жануарларына жемге шақыру, айдау, үркіту т. б. мақсатымен қолданылған сөздер мен тіркестер жатады.

Шақыру одағайлары: Таңдайды тақылдатып, еріндерді шүйіріп, ысқырып айтатын, транскрипциялауға қиын болатын одағайлар да бар. Бұларды, әдетте, шақыру одағайлары дейміз, бірақ олар тек шақыру ғана емес, жекіру, ұрысу тағы сол сияқты мағыналарды білдіреді.

Көңіл-күй одағайлары - адамның әр түрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіретін сөздер. Олар: а) жағымды көңіл-күйді білдіретіндер (Алақай! Паһ-паһ! Бәрекелді! Ура! т. б.); ә) жағымсыз эмоцияны білдіретіндер (Әттең! Әттеген-ай! Қап! Түге! Пішту! Бай-бай-бай! т. б.); б) әрі жағымды, әрі жағымсыз көңіл- күйді білдіретіндер

Императивтік одағайлар: Адам не жануарға бағытталып, шақыру, жекіру, бұйыру мақсатымен айтылған одағайлар. Бұлар бағытталып отырған объектілерге қарай ішінара екі топқа бөлінеді:

а) адамға бағышталып айтылған одағайлар. Бұған бұйыру, жекіру, тиым салу т. б. мақсатында жұмсалған (Жә! Тәйт! Сап-сап! Әуһ! Әлди-әлди! Әйда!) сөздері жатады.

Тұрмыс-салт одағайлары: Бұл топқа өмірде жиі қолданылатын, адамдардың амандасу, қоштасу т. б. сыйластық белгісі ретінде жұмсалатын Қош! Рахмет! Ассалаумағалейкүм! Қайыр! құп! Ләббай! Кеш жарық! т. б. одағайлар жатады.

ОДАҒАЙ СӨЗДІҢ ҚАЗАҚ БИ ӨНЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫСЫ:



"УТЫС БИ", 1963 год на сцене дворца съездов в Москве.

Дәурен Әбіровтың «Ұтыс би» 1963 жылы алғаш Мәскеуде Конгресс сарайында сахналанды. Бұл қойылымда орындаушылар одағай сөзді қолданған. Бейненің 0,33 мин жігіттер тартысты көрсету мақсатында «оп», ұтқан кездегі «бәркелді» одағай сөзі қолданыс тапқандығы байқалады.




Фрагмент "БАЛБЫРАУН", 1993 год в хореографии Абирова Д.Т.

Дәурен Әбіровтың «Балбырауын» биі 1993 жылғы Алтынай — фольклорлық-этнографиялық би ансамбілінің орындауындағы бейнеде біз қойылым барысындағы одағай сөздің көп қолданыс тапқандығын байқадық. Ол оп, хей, ех деген негізгі одағай сөздерді қолданған.



**«Наз» мемлекеттік би ансамблі –
«Жастар» биі**

Еркебұлан Ағымбаев, Қадиша Ағымбаеваның 2004 ж «Наз мемлекеттік би театрына» қойылған «Жастар биінде» асық ойынын көрсету барысында одағай сөзді қолданған. 0,39 мин Жігіттің асыққа тигізе алмаған кезінде «қап», көздеп дәл түскендегі көрінісінде «бәрекелді» одағайды пайдаланған.




**Концертная программа «Наследие
великой степи» (запись).**

Анвара Садыкова мен Шамшиев Алматың 2019 ж «Астана хореография академиясының» мектеп-колледж білім алушыларына «Серілер салтанаты» атты қойлымында одағай сөздің қолданысы байқалды. Бұл жерде балетмейстерлер айтысты көрсеткен бейнесінде «жарайсың», «бәрекелді» одағай сөзі қолданыс табыпқан.

"Па шіркін" одағай сөзін бидің қандай бағытына қолданар едіңіз

106 отбетов



- Халық биі
- Заманауи би
- Қазақ биі
- Балдық би

Сауалнама арқылы «Па шіркін» таңдану одағай сөзін қай бидің бағытына қолданар едіңіз деген сауалнамаға 106 адам қатысты, оның ішінде Астана хореография академиясының колледжді бітіруші түлектері, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА «Хореография» факультетінің студенттері, ҚазҰҚызПУ «Хореография және Арт-менеджмент» кафедрасының 2 курс студенттері, «Қорқыт Ата» атындағы Қызылорда Университетінің «Дәстүрлі өнер және Хореография» кафедрасының хореография БББ студенттер.

Қорытындысында: Зерттеу жұмысымызда хронологиялық әдіс қолдану арқылы біз қазақ өнерінің орындаушымен халық арасындағы тығыз байланысты және адам рухын көтеру мақсатында одағай сөздің маңыздылығы байқалды. Сонымен қатар кезеңдермен жіктеу жасау арқылы айтыстық өнер, ән, аспаптық, би т.б қазақ өнерінде одағай сөздің қолданыс тапқандығын айқындадық.

Би өнеріндегі одағай сөздің қолданысын анықтау мақсатында, бейне материалдарға талдау жасау арқылы 1963 жылы Дәурен Әбіровтың «Ұтыс би», 1993 жылы Дәурен Әбіровтың «Балбырауын», 2004 жылы Еркебұлан Ағымбаев, Қадиша Ағымбаеваның «Жастар биі» және 2019 жылғы Анвара Садыкова мен Шамшиев Алматының «Серілер салтанаты» би қойлымдарында одағай сөздің қолданыс тапқандығы байқалды. Одағай сөздің қазақ биінде қолдану ұлттық нақыштың бір көрінісі ретінде қосымша құрал екені анықталды.

Әдебиеттер:

1. Нұрлан Оразалин, «Иесі-халық, киесі-елдің рухы», жинақ, ISBN: 978-601-7337-83-4, бет саны 408, жанр: Сұхбат.
2. Қанат Нұрланова, «Человек и мир», Алматы: 1994ж, ISBN 5-74-27-0019-9, ББК 88.
3. Аршабеков Нұрғали, Кокумбаева Бағлан, «Кочекониконведение в современном философском контексте (к постановке проблемы)», Материал Қазақстан философиялық конгресі (Алматы, 27-28 қыркүйек 2013ж 8) – Алматы: Институт философии, политологии и религоведение КН МОН РК 2013-818с – С.395-401.
4. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971.
5. Түймебаев.Ж, Қазақ тілі. Қысқаша грамматикалық анықтағыш. -Алматы, 1996, 84 – бет.
6. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. 439 – бет.

Бейне материалдарға сілтеме:

1. https://youtu.be/RFLLYML_mB8
2. <https://youtu.be/4QUEyCCdBz4>
3. <https://youtu.be/B7qWmtf8vIg>
4. <https://youtu.be/1NPCS2kIADM?si=EEdgRfwgX1RGylGh>
5. https://youtu.be/qgr9Yln7SP0?si=vYwB_QOwbGQwfGoi

Назарларыңызға рахмет

A decorative graphic consisting of several parallel white lines of varying thicknesses, extending diagonally from the bottom-left towards the top-right of the slide.